

"Зырян ауданының туризм бөлімі" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 08 шілдедегі N 2532 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 01 тамызда N 3431 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 09 ақпандағы N 34 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 09.02.2015 N 34 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру барысы туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 19 мамырдағы № 132 қаулысының 4-тармағының 2) тармақшасын орындау мақсатында, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес, Зырян ауданы мәслихатының 2014 жылғы 26 маусымдағы № 31/6-V шешімімен бекітілген Зырян ауданының басқару тәсімі шеңберінде Зырян ауданы әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Зырян ауданының туризм бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылсын.
2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Зырян ауданының туризм бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
3. Құрылған "Зырян ауданының туризм бөлімі" мемлекеттік мекемесі Зырян ауданының әділет органдарында тіркелсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Зырян ауданы әкімі аппаратының басшысы А.А. Светашқа жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Зырян ауданының әкімі	Е. Сәлімов
	Зырян ауданы әкімдігінің

"Зырян ауданының туризм бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Зырян ауданының туризм бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады, туризм саласында басшылықты жүзеге асырады.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 070804, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Зырян ауданы, Зырян қаласы, Ленин көшесі, 78.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - "Зырян ауданының туризм бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлім қызметін қаржыландыру Зырян ауданының жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

12. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

13. Бөлімнің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді

және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Бөлімнің миссиясы: туристік қызметті дамыту мәселелері жөніндегі мемлекет саясатының негізгі бағыттарын іске асыруды қамтамасыз ету.

14. Міндеттері:

1) туристік қызметті дамыту мәселелері жөніндегі мемлекет саясатының негізгі бағыттарын іске асыру;

2) туристік қызметке жәрдемдесу және оның дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау.

15. Функциялары:

1) Зырян ауданының аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және үйлестіруді жүзеге асырады ("Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы Заңының 12-бабы 2-тармағының 1) тармақшасы (бұдан әрі- Заң));

2) Зырян ауданы аумағында туризмді дамыту туралы ақпарат жинауды, талдауды жүзеге асырады және оны облыстың жергілікті атқару органына береді (Заңның 12-бабы 2-тармағы 2) тармақшасы);

3) аудандық туристік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды әзірлейді және енгізеді (Заңның 12-бабы 2-тармағы 3) тармақшасы);

4) Зырян ауданы аумағында туристік индустрия объектілерін жоспарлау және салу жөніндегі қызметті үйлестіреді (Заңның 12-бабы 2-тармағы 4) тармақшасы);

5) балалар мен жастар лагерьлерінің, туристер бірлестіктерінің қызметіне және өз бетінше туризмді дамытуға жәрдем көрсетеді (Заңның 12-бабы 2-тармағы 5) тармақшасы);

6) туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат береді (Заңның 12-бабы 2-тармағы 6) тармақшасы);

7) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады (Заңның 12-бабы 2-тармағы 7) тармақшасы).

17. Құқықтары мен міндеттері:

Бөлім:

1) Аудан басшылығының қарауына Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныс енгізуге;

2) Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелерді қарау және бірлесіп орындау үшін ауданның жергілікті атқару органдары бөлімдерінің қызметкерлерін қатыстыруға ;

3) Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіпте кеңестер өткізуге бастама жасауға;

4) басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, ұйымдар мен оның басшыларынан, азаматтардан өзінің міндеттерін орындауға қажетті ақпаратты Қазақстан Республикасының бекітілген заңнамасы құзыреттілігі шегінде сұрауға құқылы.

Бөлім:

1) Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктеме беруге;
2) заңды және жеке тұлғалардың ресми сұрауы болған жағдайда өз құзыретінің шегінде және заңнама шеңберінде қажетті материалдар мен ақпараттар беруге;

3) Бөлім қызметкерлерінің мемлекеттік әкімшілік қызметшілер этикасын сақтауын қамтамасыз етуге;

4) Бөлімнің құзыретіне кіретін өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

17. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

18. Бөлім басшысын аудан әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. Бөлім басшысының құзыреті:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте Бөлім қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

2) заңнамамен белгіленген тәртіпте Бөлім қызметкерлерін көтермелеуді және тәртіптік жазаға тартуды жүзеге асырады;

3) өз құзыреті шегінде бұйрық шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік құжаттамаға қол қояды;

4) Бөлім қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

5) мемлекеттік органдарда, басқа ұйымдарда Бөлім мүддесін қорғайды;

6) Зырян ауданы әкімдігі қаулысымен бекітілген штат санының лимиті мен құрылымы шегінде Бөлімнің штат кестесін бекітеді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру бойынша қажетті шаралар қабылдайды және ол үшін жеке жауапкершілік алады;

8) ерлер мен әйелдердің олардың тәжірибелеріне, мүмкіндіктеріне және

кәсіби дайындықтарына сәйкес мемлекеттік қызметке тең қолжетімдігін қамтамасыз етеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құзыретті жүзеге асырады.

Бөлім басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Бөлім заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада және осы Ережеде өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.